

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫНДА
АГРАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІПКЕРЛІК

SMALL AND MEDIUM-SIZED BUSINESSES IN AGRICULTURAL SECTOR ON THE
EXAMPLE OF THE ALMATY REGION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

МАЛОЕ И СРЕДНЕЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО В АГРАРНОЙ СФЕРЕ
НА ПРИМЕРЕ АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

А.М. КАСЕНОВА^{1*}

Ph.D докторанты

А. ДҮЙСЕНБЕКҰЛЫ²

аға оқытушы

¹*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан*

²*Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан*

**автордың электрондық поштасы: aibarshyn.kasenova@mail.ru*

А.М. KASSENOVA^{1*}

Ph.D student

A. DUISENBEKULY²

Senior Lecturer

¹*I. Zhansugurov Zhetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan*

²*Kh.A. Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan*

**corresponding author e-mail: aibarshyn.kasenova@mail.ru*

А.М. КАСЕНОВА^{1*}

докторант Ph.D

А. ДҮЙСЕНБЕКУЛЫ²

старший преподаватель

¹*Жетісуский университет им. И. Жансүгурова, Талдықорған, Қазақстан*

²*Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясауи, Туркестан, Қазақстан*

**электронная почта автора: aibarshyn.kasenova@mail.ru*

Аңдатпа. Нарықтық экономика, қатаң бәсекелестік жағдайында ауылдық өмір салтын сақтауға, ауылдық аумақтарды дамытуға, сұраныс пен ұсыныстың өзгеріп отырған конъюнктурасына икемді және уақтылы ден қоюға мүмкіндік беретін әлеуметтік және экономикалық негіз құратын агроөнеркәсіптік бизнестің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету өзекті міндет болып табылады. *Мақсаты* – Алматы облысының АӨК-дегі кәсіпкерліктің қазіргі жай-күйін, қолдау шараларының даму қарқыны мен тиімділігін зерделеу. *Әдістері* – экономикалық-статистикалық, монографиялық, дерексіз-логикалық, салыстырмалы талдау және синтездеу. *Нәтижелері* – соңғы 5 жыл ішінде осы өңірде жұмыс істеп тұрған шағын және орта агробизнес субъектілерінің саны, осы салада жұмыс істейтін қызметкерлердің саны, республика бойынша ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы шығарылымы, сондай-ақ аудандар бөлінісінде талданған. Жалпы Қазақстан және Алматы облысы бойынша ауыл шаруашылығы өндірісіндегі шағын және орта кәсіпорындардың (ШОБ) үлесіне талдау жүргізілген. Негізгі проблемалар мен оларды шешу жолдары көрсетілген. 2018-2022жж статистикалық деректері бойынша кәсіпкерлік қызмет объектілерінің көрсеткіштері, аграрлық саладағы тауарлар шығару көлемі және олардың облыстағы құрылымы ұсынылған. Соңғы жылдары аймақтық деңгейде мемлекеттік қаржылық көмектің мөлшері көрсетілген. *Қортындылар* – аграрлық сектордың ЖІӨ бес жылдық кезеңде орта есеппен шок кәсіпкерлігіне – 28,5%, жеке кәсіпкерлерге – 5,3%, ШҚҚ-66,2% келеді. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымсыз пайдалану, суармалы алқаптарды кеңейту, бөлінген мемлекеттік қаражаттың тиімді жұмсалудың нормативтік қамтамасыз ету, ауылдық жерлердегі кәсіпкерлерді институционалдық қолдаудың жеткіліксіздігі мәселелері қарастырылған.

ҚР бойынша 2022 жылы экономикада жұмыспен қамтылған 9,0 млн адамның 1,1 млн адамы ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған. Алматы облысындағы жұмыспен қамтылған 697,7 мың адамның 20 пайызы ауыл шаруашылығында қызмет атқарады [2]. Облыс бойынша шағын және орта кәсіпкерлікті (әрі қарай ШОК) мемлекеттік қолдау өңірлік деңгейде: Алматы облысының әкімдігі, «Жетісу» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» өңірлік даму институты АҚ, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «ҚазАгро Қаржы» АҚ және «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ филиалдарын атауға болады.

Сонымен қатар «Атамекен» кәсіпкерлер өңірлік палатасы, «Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі, аудандық әкімдіктер, әр ауданның кәсіпкерлік бөлімдері, индустриялық аймақтар, «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» Ұлттық компаниясы» АҚ мен оның еншілес ұйымдары және өз өкілеттігі шеңберінде Алматы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы, облыс көлемінде орналасқан 12 екінші деңгейлі банктердің филиалдары мен микронесиелеу ұйымдары арқылы іске асырады [3].

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Отандық және шетелдік ғалымдардың аграрлық сектордағы кәсіпкерлік жайлы ғылыми еңбектері, ой-пікірлері мен зерттеулері, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтері, статистикалық материалдар мен мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің есептері мен сараптамалық материалдары, ҚР Үкіметінің қаулылары мен нормативтік құжаттар зерттеу жұмыстарының теориялық және әдістемелік негіздері ретінде қарастырылды.

Зерттеуде аграрлық сектордағы кәсіпкерліктің қазіргі мен соңғы бес жылдағы жағдайын талдау және бағалауда – экономикалық-статистикалық, салыстырмалы талдау және синтездеу әдістері қолданылды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің салалық және аймақтық ерекшеліктерін, мәселелерін анықтауда монографиялық, сандық және сапалық әдістер және ауыл шаруашылық саласындағы және аграрлық сектордағы шағын және орта кәсіпкерліктің қызметінің тиімділігіне әсер ететін факторларды анықтау үшін абстрактылы-логикалық әдіс қолданылды.

Ауылды жерлердің дамуында маңызды рөл атқаратын аграрлық сектордағы шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы және бес жылғы даму қарқыны, сондай-ақ, «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының» облыс көлемінде шағын және орта кәсіпкерлікті және агрокәсіпкерлікті қаржыландыруы талданды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Ауыл шаруашылығының және ауыл аумақтарының тұрақты дамуына аграрлық сектордағы кәсіпкерліктің қызметінің үлесі зор [4]. 2022 жылдың есептілігі бойынша Алматы облысында жұмыс істейтін 116 585 бірлік ШОК субъектілерінде 223 516 адам жұмыспен қамтылған.

Қарасай, Іле, Талғар және Еңбекшіқазақ аудандарында шағын және орта кәсіпкерлік жақсы шоғырланғандықтан, жұмыспен қамтылғандардың да саны 165 844 адамды (75 пайыз) құрап отыр. Облыс бойынша ШОК субъектілерімен өндірілген 2 834 846 млн теңге өнім көлемінің 80 пайызға жуығын Қонаев қаласындағы, Іле, Қарасай және Еңбекшіқазақ аудандарындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері өндіреді (1 кесте).

Алматы облысының ауыл шаруашылық өнім шығарылымының 53 пайызға жуығын тек үш ауданы: Еңбекшіқазақ ауданы (25,9 %), Іле ауданы (14,8 %) және Қарасай ауданы (12%) өндіреді, тиісінше ауыл шаруашылық саласына ауылды жердегі негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемінің 64%-ы осы аудандарға тиесілі [5]. Облыс бойынша ауыл шаруашылық өнімнің 49,3 пайызын өсімдік шаруашылығынан, 50,7 пайызын мал шаруашылығынан өндіреді.

Негізгі капиталға инвестициялар көлемінің басым бөлігі кәсіпорындар мен ұйымдардың меншікті қаражаты есебінен қаржыландырылады. Облыс бойынша 2023 жылдың 1-ші қаңтарына ауыл халқы 83,7 пайызды (1 237,4 мың адамды) құрағандықтан, жұртшылық шаруашылығы ауыл шаруашылық өнімнің орта есеппен 45 пайызын өндіреді.

2022 жыл бойынша облыстың ШОК субъектілерінің жалпы өнім шығарылымының 15 пайызына жуығы ауыл шаруашылығы саласындағы шағын және орта кәсіпкерлікке тиесілі, оның ішінде шағын және орта ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына – 28,5%, ШФҚ – 66,2%, дара кәсіпкерлер – 5,3 % (2 кесте).

1 кесте – Алматы облысы бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің негізгі көрсеткіштері және ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі, 2022 жыл

Мазмұны	Шағын және орта кәсіпкерліктің негізгі көрсеткіштері			Облыс бойынша ауыл шаруашылық өнім шығарылымы, млрд. теңге			Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі	Негізгі капиталға инвестициялар көлемі
	Жұмыс істеп тұрғаны, бірлік	Жұмыспен қамтылғандар, адам	Өнім шығарылымы, млн теңге	2022	оның ішінде шаруашылық			
				барлығы	өсімдік	мал		
Барлығы	116 585	223 516	2 834 846	736 509	363 589	371 330	100,0	100,0
Қонаев қ.ә.	5 896	15 943	760 018	25 939	20 405	5 236	3,5	9,7
Балқаш	2 279	3 928	27 844	35 257	10 296	24 778	4,8	0,9
Еңбекшіқазақ	22 364	37 794	415 877	191 101	113 611	77 170	25,9	10,2
Жамбыл	12 208	20 318	150 574	72 883	28 695	44 073	9,9	6,2
Кеген	2 938	3 629	39 281	37 756	12 826	24 921	5,1	1,2
Қарасай	26 204	47 967	509 421	88 477	41 696	46 633	12,0	26,8
Райымбек	3 236	4 658	24 688	44 664	17 813	26 815	6,0	1,4
Талғар	17 779	37 992	287 492	80 505	47 855	32 489	11,1	13,1
Ұйғыр	5 418	9 196	43 795	50 786	20 796	29 863	6,9	3,4
Іле	18 263	42 091	575 856	109 141	49 595,8	59 350	14,8	27,1

Ескерту: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтерінен автормен құрастырылған

2 кесте – Алматы облысы бойынша аграрлық саладағы шағын және орта кәсіпкерліктің негізгі көрсеткіштері, 2018-2022 жж.

Мазмұны	Жұмыс істеп тұрған ШОКС-нің саны, бірлік		Жұмыспен қамтылғандар саны, адам		Өнім шығарылымы, млн теңге	
	барлығы	оның ішінде ауыл шаруашылығы	барлығы	оның ішінде ауыл шаруашылығы	барлығы	оның ішінде ауыл шаруашылығы
2018	115 630	47 367	252 095	74 563	1 367 731	348 757
2019	122 368	48 426	262 355	77 451	1 589 167	446 931
2020	123 181	48 550	268 134	76 714	1 844 563	502 116
2021	129 716	47 405	280 749	77 469	2 581 281	573 580
2022	116 585	28 794	223 516	45 856	2 834 846	422 453
соның ішінде						
Шағын кәсіпкерлік кәсіпорындары	12 391	1 263	71 010	5 521	1 866 394	69 145
Орта кәсіпкерлік кәсіпорындары	151	17	19 492	3 366	483 186	50 997
Дара кәсіпкер	77 468	939	97 338	1 296	205 544	22 589
Шаруа немесе фермер қожалықтары	26 575	26 575	35 676	35 676	279 722	279 722

Ескерту: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтерінен автормен құрастырылған

2018-2021 жылдарда жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерліктің саны жылдан-жылға артып отыр. 2022 жылдың есептілігі бойынша 2021 жылға қарағанда ШОКС субъектілерінің саны 13 131 бірлікке, жұмыспен қамтылғандар саны 57 233 адамға азайған. Аграрлық секторда жұмыс істеп тұрған ШОКС субъектілерінің саны 2018-

2021жж. арасында 40 пайызға жуыған құраса, 2022 жылы тек 25 пайызын құрады [6].

ШОКС субъектілерінің саны бойынша шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарының 10 пайызы, орта кәсіпкерлік кәсіпорындарының 11 пайызы, дара кәсіпкерлердің 1,2 пайызы ауыл шаруашылық саласына тиесілі. 2018-2021 жж. аралығында жұмыспен қамтылғандар санының 30 пайызға жуығы


аграрлық секторға қарасты болса, 2022 жылы бұл көрсеткіш 10 пайызға кеміді.

Аталған өзгерістерге 2022 жылдың 8 маусымынан бастап, Алматы облысының құрамынан 8 ауданды және Талдықорған, Текелі қалаларын бөлу жолымен әкімшілік орталығы Талдықорған қаласында орналасатын Жетісу облысының құрылуы себеп болды [7].

Өнім шығарылымы әр жыл сайын артып отыр, тіпті бірнеше аудандардың бөлініп кеткеніне қарамастан 2021 жылғы көрсеткіштерге қарағанда 253 565 млн теңгеге: көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеуден (175 649 млн теңге өңдеу өнеркәсі-

бінен (99 108 млн теңге), сондай-ақ, өнеркәсіп саласынан (83 405 млн теңге) артық өндірілген.

Алматы облысы ауыл шаруашылық саласы бойынша ауылды жердегі негізгі капиталға салынған инвестициялар 2022 жылдың 1-ші қазанына 288 145 438 мың теңге, оның 29 873 570 мың теңгесі ауыл шаруашылық саласын қаржыландырды. Аталған инвестиция құрылымы: кәсіпорындар мен ұйымдардың меншікті қаражаты есебінен – 45 пайыз, банктердің несиелері есебінен 48 пайызы және басқа да қарыз қаражаттары есебінен 7 пайызы құралған (1 сурет).



Ескерту: ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтерінен автормен құрастырылған

1 сурет - Алматы облысы ауыл шаруашылық саласы бойынша ауылды жердегі негізгі капиталға салынған инвестициялар, млн теңге, 2018-2022жж.

Ауыл шаруашылық саласына ауылдық жердегі негізгі капиталға 2022 жылдың 3 тоқсанында 29 873,5 млн теңге, 2021 жылы 52 543 млн теңге, 2020 жылы – 55 021 млн теңге, 2019 жылы – 52 291 млн теңге, 2018 жылы 45 003 млн теңге инвестициялар салынды [8].

Алматы облысы бойынша қаржы ұйымдарына қаражатты шарттасып салу бағдарламалары аясында «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ берген есебіне сәйкес, «Өңірлік Даму III» (Даму-Регионы III) бағдарламасы, «Даму Микро» микроқаржы ұйымдарынан қаржыландыру, Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы, Лизингтік қаржыландыру бағдарламасы, шағын және орта кәсіпкерлікті өңірлік

қаржыландыру бағдарламасы (нүктелік бағдарлама) және Исламдық қаржыландыру аясында барлық шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін соңғы бес жылдағы мемлекеттік қолдау және дамыту шаралары жүргізілуде:

- 2022 жылы барлығы 3 035 млн теңге, оның ішінде 486 млн теңгесін аграрлық сектордағы шағын және орта кәсіпкерлікті;
- 2021 жылы барлығы 5 961 млн теңге, оның ішінде 708 млн теңгесін аграрлық сектордағы ШОКС-і;
- 2020 жылы барлығы 3675 млн теңге, оның ішінде 266 млн теңгесін аграрлық сектордағы шағын және орта кәсіпкерлікті;
- 2019 жылы барлығы 5 615 млн теңге, оның ішінде 372 млн теңгесін аграрлық сектордағы шағын және орта кәсіпкерлікті;

• 2018 жылы барлығы 5 987 млн теңге, оның ішінде 652 млн теңгесін аграрлық сектордағы шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландырды [9].

Еліміздің негізгі капиталына салынған барлық инвестициялардың жартысынан көбін шағын және орта кәсіпорындар қамтамасыз етеді. Соңғы 5 жыл ішінде олардың барлық инвестициялары 60 пайыздан астамға өсіп отыр десек те, аграрлық сектордың ШОКС-не бөлінген қаржы көлемі жеткіліксіз [10].

Қаржылай көрсетілетін мемлекеттік қолдау шараларынан басқа негізгі түрлері инфрақұрылымдық, институционалдық, мүлдіктік және ақпараттық қолдау болып табылады. Бұл ретте мемлекеттік қолдаудың көрсетілген түрлері мыналарға:

- 1) жаңа бизнес-бастамаларды қолдауға;
- 2) шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылатындардың санын ұлғайтуға;
- 3) ШОКС-нің ЖІӨ-гі үлесін жоғарылатуға және ШОКС-нің өнім шығарылымының орташа көлемін ұлғайтуға бағытталған [11].

Қорытынды.

1. Алматы облысы еліміздегі аграрлық өңір болып табылады және облыста жайылымдардың тапшылығы жер ресурстарын ұтымды және тиімді пайдалану мәселелері өзекті мәселелердің бірі екендігін айқындайды [12]. Осы мақсатта 2022 жылы мемлекетке 5,2 млн гектар пайдаланылмай жатқан жерлер және заңнаманы бұза отырып берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер мемлекетке қайтарылды және заңға сәйкес талаппен 1,85 млн гектар алаң жер пайдаланушыларға берілді. 2021 жылы бұл аталған көрсеткіштер 10 есе аз болған [13].

2. Облыстың климаттық жағдайы барлық мезгілде қолайлы бола бермейді (қуаңшылық және т.б.). Облыстағы суармалы жерлер алаңын қазіргі заманғы тамшылатып, жаңбырлатып суару әдістерін қолдана отырып, кеңейту. Суарудың су үнемдеу технологияларын енгізу [14].

3. Мемлекеттік қолдау шараларын көрсету барысында «қаражат бөлінген кезден бастап, қаражаттың нақты алушыға жеткізілгенге дейін» бүкіл этаптың ашықтығы нормативтік қамтамасыз етілмеген.

4. Ауылды жерлердегі және аграрлық сектордағы кәсіпкерлерге институционалды қолдаудың жеткіліксіздігі. Қоғамдық және мемлекеттік институттардың тиімді жұмыс жасауы – кәсіпкерлікті дамытудың негізгі жолы болып табылады. Аграрлық сектордағы кәсіпкерлерді ақпараттық қолдау, консультанттар жүйесін жетілдіру және

жылжымалы оқыту орталықтардың қызметін дамыту.

5. Аграрлық сектордағы шағын және орта кәсіпкерлікті қаржыландыру көздерін кеңейту [15].

Әдебиеттер тізімі

[1] Камысбаев, М.К. Агропромышленное производство Казахстана: вопросы диверсификации как приоритетного направления развития / А.Б. Молдашев, Г.М. Бердыкулова // Проблемы агорынка.- 2022.- №3.-С.13-20. <https://doi.org/10.46666/2022-3.2708-9991.01>

[2] Алпысбаев, К.С. Аграрлық сектордағы кадрлық әлеует: гендерлік аспект / А.А.Мухаммадиева, А.К.Оразғалиева // «Тұран» университетінің хабаршысы». – 2023. №1(97). – С.116-129. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-1-116-129>

[3] Касенова, А.М. Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығындағы шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі жағдайы / А.М.Касенова // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2021. №1(42). – С.61-69. [https://doi.org/10.52260/2304-7216.2020.1\(42\).7](https://doi.org/10.52260/2304-7216.2020.1(42).7)

[4] Тиреуов К.М. / Эффективность функционирования предприятий аграрного сектора РК / К.М. Тиреуов У.К. Керимова, С.А. Турекулов // Аграрлық нарық проблемалары. – 2020.- №1. –С.81-87.

[5] Статистический сборник «Сельское, лесное и рыбное хозяйство в Республике Казахстан». Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан [Электронный ресурс]. – 2022. – URL: <https://www.stat.gov.kz/> (дата обращения: 24.04.2023).

[6] ҚР шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № 250 қаулысы [Электрондық ресурс].- 2022. - URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000250> (қаралған күні: 20.04.2023).

[7] ҚР әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы ҚР Президентінің 2022 жылғы 3 мамырдағы № 887 Жарлығы [Электрондық ресурс]. – 2022. – <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000887> (қаралған күні: 18.04.2023).

[8] ҚР инвестициялық саясатының 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 15 шілдедегі № 482 қаулысы [Электрондық ресурс].-2022.- URL: <https://www.adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000482> (қаралған күні: 18.04.2023).

[9] Даму» қоры ресми интернет сайты [Электрондық ресурс]. – 2022.-URL: <https://>

www.damu.kz/kz/reports/ (қаралған күні: 12.04.2023).

[10] Трач, Д.М. Аграрные преобразования как фактор социально-экономического развития сельских территорий / Д.М. Трач, Л.Д. Мельничук // АПК: Экономика, управление. - 2020. - №2. - С. 63-71.

[11] Акимбекова, Г.У. Приоритетные направления развития агропромышленного комплекса Казахстана / Г.У. Акимбекова, Г.А. Никитина // Проблемы агрорынка. - 2020. - № 4. - С.13-23.

[12] Жангирова Р. Н. / Возможности и условия устойчивого развития аграрной отрасли РК // Вестник университета «Туран». - 2020. № 3(87). С. 78-84

[13] ҚР АӨК дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған Ұлттық жобасы [Элек-трондық ресурс]. – 2021. – URL: [https:// prime-minister.kz/](https://prime-minister.kz/) (қаралған күні: 20.04.2023).

[14] Абдильдинова, Н.Е. Шағын және орта бизнестің қазіргі жағдайы мен мемлекеттік қолдаудың бағыттары // Н.Е.Абдильдинова // Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің жаршысы. – 2022. - №4(49). – Б.8-16.

[15] Алматы облысының әкімдігінің ресми интернет сайты [Электрондық ресурс]. – 2022.- URL: – <https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl?lang=kk> (қаралған күні: 20.04.2023).

References

[1] Kamysbayev, M., Moldashev, A. & Berdykulova, G.M. (2022). Agropromyshlennoe proizvodstvo Kazakhstana: voprosy diversifikatsii kak prioritetnogo napravleniya razvitiya [Agro-industrial production of Kazakhstan: issues of diversification as a priority direction of development]. *Problemy agrorynka – Problems of Agri-Market*, 3, 13-20 [in Russian].

[2] Alpysbaev, K., Muhamadieva, A. & Orazgalieva, A. K. (2023). Agrarlyq sektordaғы kadrlыq әleuet: genderlik aspect [Human resources in the agricultural sector: gender aspect]. *«Tūran» universitetiniñ habarshysy - Bulletin of the University «Turan»*, 1(97), 116-129 [in Kazakh].

[3] Kasanova, A.M. (2021). Qazaqstan Respublikasynyñ auyl şaruashylyғыndaғы şaғыn және орта kәsipkerliktiñ qazirgi jaғdaiy [Current state of small and medium-sized businesses in agriculture of the republic of Kazakhstan]. *Qazaq ekonomika, qarjy және halyqaralyq sauda universitetiniñ jarshysy. - Scientific journal 'Bulletin of the Kazakh University of Economics, Finance and International Trade*, 1(42), 61-69 [in Kazakh].

[4] Tireuov K.M., Kerimova, U.K. & Turekulov, S.A. (2020). Jefferektivnost' funkcionirovaniya predpriyatij agrarnogo sektora RK [Efficiency of functioning of enterprises of the

agricultural sector of Kazakhstan]. *Agrarlyk naryk problemalary - Problems of the agricultural market*, 1, 81-87 [in Kazakh].

[5] Statisticheskij sbornik «Sel'skoe, lesnoe i rybnoe hozyajstvo v Respublike Kazahstan». Byuro nacional'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazahstan. Byuro nacio-nal'noj statistiki Agentstva po strategicheskomu planirovaniyu i reformam Respubliki Kazahstan [Statistical collection "Agriculture, forestry and fisheries in the Republic of Kazakhstan". Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan] (2022). Available at: <https://www.stat.gov.kz/> (date of access 24.04.2023) [in Russian].

[6] KR shagyn zhәne orta kasipkerlikti damytudyn 2030 zhyлга dejingi tuzhyrymdamasyn bekitu turaly. Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2022 zhylygy 27 sauirdegi № 250 kaulysy [On approval of the concept for the development of small and medium-sized businesses of the Republic of Kazakhstan until 2030. Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated April 27, 2022 No. 250.] (2022). Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000250> (date of access: 20.04.2023) [in Kazakh].

[7] QR әkimshilik-aumaqtyq qūrylysynyñ keibir мәseleleri turaly QR Prezidentiniñ 2022 jylғы 3 мамыrdaғы № 887 Jarlyғы [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated May 3, 2022 No. 887 "on some issues of the administrative-territorial structure of the Republic of Kazakhstan"] (2022). Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200000887> (date of access: 18.04.2023) [in Kazakh].

[8] KR investiciyalyk sayasatynyn 2026 zhyлга dejingi tuzhyrymdamasyn bekitu turaly KR Ukimetinin 2022 zhylygy 15 shildedegi № 482 kaulysy [Resolution of the government of the Republic of Kazakhstan dated July 15, 2022 No. 482 on approval of the concept of investment policy of the Republic of Kazakhstan until 2026] (2022). Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2200000482> (date of access 18.04.2023) [in Kazakh].

[9] «Damu» kory resmi internet sajty [Damu Foundation official website]. – (2022). Available at: <https://damu.kz/kz/reports/> (date of access: 12.04.2023) [in Kazakh].

[10] Trach, D.M. & Mel'nichuk, L.D. (2020). Agrarnye preobrazovaniya kak faktor social'no-ekonomicheskogo razvitiya sel'skih territorij [Agrarian transformations as a factor of socio-economic development of rural areas]. *APK: Ekonomika, upravlenie - AIC: Economics, management*, 2, 63-71 [in Russian].

[11] Akimbekova, G.U. & Nikitina, G.A. (2020). Prioritetnye napravleniya razvitiya agropromyshlennogo kompleksa Kazakhstana

